

25 қыркүйек 2008 жылғы "Баутин поселкесінің шекарасын белгілеу туралы" аудандық мәслихаттың № 9/62 шешіміне және аудан әкімдігінің № 493 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2010 жылғы 8 ақпандағы № 27/164 және Түпқараған ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 443 қаулысы. Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 11 наурызда № 11-6-115 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 2019 жылғы 7 қазандағы № 33/269 және Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 7 қазандағы № 162 бірлескен шешімі мен қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 07.10.2019 № 33/269 және Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 07.10.2019 № 162 бірлескен шешімі мен қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12 - бабы 3) тармақшасына, "Ақтау, Форт - Шевченко қалаларында, Құрық селосы және Кендірлі демалыс аймағында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 20 наурыздағы № 181 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Маңғыстау облысының әкімдігінің 14 қазан 2009 жылғы № 2788 қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** және аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. 25 қыркүйек 2008 жылғы "Баутин поселкесінің шекарасын белгілеу туралы" аудандық мәслихаттың № 9/62 шешіміне және аудан әкімдігінің № 493 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11-6-71 болып тіркелген, "Ақкетік арайы" газетінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 57 (268) санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"Баутин поселкесінің шекарасы қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес белгіленсін:

Баутин поселкесінің жер аумағы – 1104,44 гектар болып бекітілсін."

2. Осы шешім мен қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

Аудан әкімі:

К.Қасымова

С.Трұмов

Аудандық мәслихат хатшысы:

А.Досанова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК